

2021 жылға арналған тұқым шаруашылығын дамыту бағыттары бойынша субсидиялар көлемдерін бекіту туралы

Қызылорда облысы әкімдігінің 2021 жылғы 11 наурыздағы № 226 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 12 наурызда № 8183 болып тіркелді

"Өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 30 наурыздағы № 107 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 20209 нөмірімен тіркелген) сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қоса беріліп отырған 2021 жылға арналған тұқым шаруашылығын дамыту бағыттары бойынша субсидиялар көлемдері бекітілсін.

2. "Қызылорда облысының ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесі осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің орынбасары Б.Д. Жахановқа жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысының әкімі
"КЕЛІСІЛДІ"

Г. Абдыкаликова

Қазақстан Республикасы

Ауыл шаруашылығы министрлігімен

Қызылорда облысы әкімдігінің
2021 жылғы 11 наурыздағы № 226
қаулысымен бекітілген

2021 жылға арналған тұқым шаруашылығын дамыту бағыттары бойынша субсидиялар көлемдері

Көрсеткіш	Барлық қажеттілік, мың теңге	Бірегей тұқымдар, мың теңге	Элиталық тұқымдар, мың теңге	Бірінші көбейтілген тұқымдар, мың теңге	Бірінші ұрпақ будандары, мың теңге	Элиталық көшеттер, мың теңге
Жергілікті бюджет	145 530	2 471	36 167	78 892	10 800	17 200
Барлығы	145 530	2 471	36 167	78 892	10 800	17 200

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК